

«Қазына Капитал Менеджмент»
акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің
2021 жылғы «9» қыркүйектегі
отырысының №16/21 хаттамасына
№ 5 қосымша



КАЗЫНА
КАПИТАЛ
МЕНЕДЖМЕНТ

**«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ
2020 жылға арналған
тұрақты даму туралы есебі**

Нұр-Сұлтан, 2021 ж

Мазмұны

1. Қоғам туралы	3
1.1. Қоғам туралы ақпарат	3
1.2. Тұрақты дамуды басқару жүйесі	3
1.3. Корпоративтік басқару жүйесі	10
1.4. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	11
2. Тұрақты дамудың экономикалық құрамдас бөлігі	12
2.1. Даму стратегиясы	12
2.2. Экономикалық нәтижелілік	13
2.3. Жауапты іскерлік тәжірибе	13
3. Тұрақты дамудың экологиялық құрамдас бөлігі	14
3.1. Жауапты инвестиция	14
3.2. «Жасыл кеңсе»	16
4. Тұрақты дамудың әлеуметтік құрамдас бөлігі	17
4.1. Еңбекке жауапкершілікпен қарау	17
5. Қосымша	21
5.1. Есеп туралы	21
5.2. Байланыс ақпараты	21

1. Қоғам туралы

1.1. Қоғам туралы ақпарат

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ – ұлттық экономиканың өсуі мен әртараптандырылуына жәрдемдесу, Қазақстанда Private equity инфрақұрылымын қалыптастыру, экономиканың басым секторларына шетелдік инвестицияларды тарту, жетекші халықаралық тәжірибені пайдалану, private equity-ге инновациялық білім мен технологиялар трансферті үшін 2007 жылы құрылған жеке капитал (Private equity) қорларының қоры. Қоғам халықаралық институционалды инвесторлармен бірлесіп, Private equity қорларын тиімді басқарады. Қоғамның қатысуымен қорлар бәсекеге қабілеттілік одан әрі өсіру және оны арттыру мақсатында экономиканың түрлі секторларындағы компанияларға капитал береді.

1.2. Тұрақты дамуды басқару жүйесі

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 29 наурыздағы шешімімен (№4/19 хаттама) «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ-ның Тұрақты даму саясаты (бұдан әрі - Саясаты) бекітілді.

Саясаттың мақсаты - тұрақты даму саласында басқару жүйесін құруда Қоғам ұстануға тиісті негізгі алынатын нормаларды, қағидаларды, ережелер мен тәсілдерді анықтау.

Қоғам ұзақ мерзімді перспективада тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін бизнес пен қоғам мүдделерінің тепе-теңдігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ өз қызметінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілерін үйлесімді басқаруға тырысады.

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 27 ақпандағы шешімімен (№2/19 хаттама) «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Инвестициялық саясаты (бұдан әрі - Инвестициялық саясат) бекітілді, оған қаржылық қолдау көрсету үдерісіне ESG факторларын біріктіру ниеті қосылады. Сондай-ақ, Инвестициялық саясат аясында әлеуетті жобаларға басымдық беру құралы енгізілді - Даму индексі, ол елдің дамуына үлес қосатын және әсер ете алатын маңызды әлеуметтік-экономикалық жобаларды бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

Қоғам өз қызметі шеңберінде экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттардың сәйкестігін қамтамасыз етеді, соның ішінде: неғұрлым озық технологияларды құруға және дамытуға инвестицияның ұлғаюы; өңдеу өнеркәсібінің өсуі; еңбек өнімділігін арттыру; жаңа жұмыс орындарын құру; шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалану; ашық конкурстық рәсімдерді және жұмысқа қабылдауда тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету; еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қызметкерлердің денсаулығын сақтау және т.б.

Қоғам өз қызметінде Қоғамның корпоративтік басқару кодексінде бекітілген тұрақты дамудың келесі қағидаларын басшылыққа алады: ашықтық, есеп беру, айқындық, этикалық мінез-құлық, мүдделі тараптардың қызығушылықтарын құрметтеу, заңдылық, адам құқықтарын құрметтеу, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделер қақтығысына жол бермеу. Қоғам өз қызметінде адам құқықтары, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы БҰҰ Жаһандық келісімінің қағидаларын да ұстанады.


Тұрақты даму саясаты Қоғамның тұрақты даму саласындағы қызметінің негізгі 3 бағытын анықтайды:

	Қызметтер бағыты	Қоғамның көзқарасы
Экономикалық құраушы	Ұлттық экономиканың тұрақты дамуына жәрдемдесу	<ul style="list-style-type: none"> Компанияның миссиясы - Қазақстанның тұрақты дамуына үлес қосу үшін Қазақстанда тікелей инвестициялардың инфрақұрылымын дамыту. Қоғам Қазақстан Республикасы Үкіметі институттарының бірі ретінде ірі индустриялық жобаларды қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға қатысады. Компания жобалық ұсыныстарды іздеуден бастап қаржыландырылатын жобалардың экологиялық және әлеуметтік әсеріне мониторинг жүргізуге дейінгі барлық кезеңдерге ESG факторларын енгізуге міндеттенеді. Компания инвесторлар үшін қаржылық емес ақпаратты ашудың маңыздылығын түсіне отырып, ішкі және сыртқы нарықта инвестиция тарту және қаржы құралдарын танымал ету бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Қоғам жауапты инвестициялық тәжірибені дамыту мақсатында Компаниядан қаржылық қолдау алатын жобаларда экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқарудың (ESG факторлары) халықаралық озық тәжірибесін басшылыққа алады.
Экологиялық құраушы	Жеке экологиялық әсерін басқару	<ul style="list-style-type: none"> Қоғам қоршаған ортаға қолайсыз әсердің алдын алуды жақсы қамтамасыз ететін ресурстарды ұтымды пайдалану қағидалары мен әдістерін қолданады. Қоғам өз қызметінде суды тұтынуды азайту, электрондық құжат айналымы жүйесін және екі жақты басып шығару практикасын енгізу есебінен кеңсе мұқтажы үшін қағаздың жұмсалуын төмендету, энергияны үнемдейтін технологияларды енгізу арқылы ресурстарды артық тұтынуды қысқартуға және қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайтуға тырысады. Қоғам «жасыл кеңсе» концепциясын енгізу мүмкіндігін қарастыруда, оның маңызды құрамдас бөлігі - қызметкерлердің экологиялық сауаттылық деңгейін көтеруге бағытталған ақпараттық науқан.
Әлеуметтік құраушы	Еңбекке жауапкершілікпен қарау	<ul style="list-style-type: none"> Қоғам тең мүмкіндіктер беру қағидасын басшылыққа алады және өз қызметкерлерін жұмысқа алу, еңбекақы төлеу, оқуға қолжетімділік беру, лауазымын көтеру, жынысы, нәсілі, тілі, діни, саяси және басқа да нанымдары, азаматтығы, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегі, шектеулі мүмкіндіктері сияқты негіздер бойынша жұмыстан шығару кезінде кемсітуге жол бермейді. Қоғамда заманауи технологиялар мен ақпаратты басқару жүйесін қолдана отырып, қызметкерлерді үздіксіз оқыту мен жетілдіру жүйесі бар. Қоғам білім берудің сарапшылармен Friday-talk форматындағы кездесулер, коучинг, кейстер, миға шабуыл сияқты озық формаларын қолданады.
	Жауапты іскерлік тәжірибе	<ul style="list-style-type: none"> Қоғам сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтайды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен тәжірибені қолданады және қолдайды.

	<ul style="list-style-type: none"> • Қоғамның барлық деңгейдегі көшбасшылары бағынысты қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықтың үлгісін көрсетті, сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың іске асырылуына бейілділік, көтермелеу және қадағалауды көрсетеді. • Қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша өзінің лауазымды тұлғалары, қызметкерлері, контрагенттерінің хабардарлығын арттырады. • Қоғам қызметкерлерге сыбайлас жемқорлықты жою бойынша тренингтерді үнемі өткізеді.
--	--

Тұрақты даму қағидалары мен бастамаларын Қоғам қызметіне енгізу - «Қазақстан-2050» стратегиясында белгіленген мақсаттарға жетудің басты басымдығы.

Тұрақты даму саласындағы Қоғам қызметінің басым бағыттары



Тұрақты дамуды басқарудың ұйымдық құрылымы

Қоғамдағы орнықты дамуды басқару Қоғам қызметінің жалпы басқару жүйесінің шеңберінде жүзеге асырылады және оның ажыратылмас бөлігі болып табылады.

Қоғамның Директорлар кеңесі стратегиялық басқаруды және тұрақты дамуды енгізудегі бақылауды жүзеге асырады.

Қоғам Басқармасы тұрақты дамуды басқарудың тиісті жүйесін қалыптастырады және оны енгізеді.

Қоғамның тұрақты дамуы мәселелерін үйлестіретін негізгі департамент - Стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық департаменті, ол келесі жұмыстарды орындайды:

- тұрақты даму саласындағы қызметті жоспарлауды жүзеге асырады;
- тұрақты даму саласындағы Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіреді;
- тұрақты даму бөлімін қоса отырып, Қоғамның жылдық есебін дайындайды;
- тұрақты даму мәселелері бойынша халықаралық ұйымдармен өзара әрекеттеседі.

Қоғамның лауазымдық тұлғалары қызметті жүргізуде және міндеттерді орындауда тұрақты даму қағидаларын ұстанады және барлық қызметкерлерді тартуға ықпал етеді.

Тұрақты даму бойынша

1. Қоғамның Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 8 қыркүйектегі (№120 хаттама) шешімімен бекітілген қолданыстағы «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамының 2014-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясының негізінде жаңа редакциядағы Қоғамның Даму стратегиясы әзірленді (Қоғамның Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 4 қыркүйектегі шешімімен (№11/20 хаттама) бекітілді).

2. 2020 жылы Қоғам ІФС-мен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ экологиялық және әлеуметтік саясатына сәйкес жобаларға әзірленген экологиялық және әлеуметтік талаптарды қолдану бойынша вебинарға қатысты.

Ақпаратты ашу бойынша

1. 2020 жылы Жалғыз акционердің 2020 жылғы 26 тамыздағы шешімімен (№39/20 хаттама) «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ-ның 2019 жылға арналған жылдық есебі бекітілді, онда келесі тармақтарды қамтитын «Тұрақты даму» бөлімі қарастырылған: тұрақты дамуды басқару жүйесі, мүдделі тараптармен өзара қатынасы, брендинг саласында қызмет ашу, жеткізушілермен, клиенттермен жұмыс, кадрлық саясат, қызметкерлерді оқыту мен дамыту, мотивация мен ынталандыру, әлеуметтік тұрақтылық, корпоративтік даму, еңбек қауіпсіздігі мен қорғау және қоршаған ортаны қорғау.

Ресурстарды ұтымды пайдалану туралы

1. Мемлекеттік орталық және жергілікті атқарушы органдармен қағазсыз құжат айналымы рәсімдері бойынша жұмыс жүргізілді.

Сонымен қатар, қызметкерлердің экологиялық сауаттылық деңгейін арттыруға бағытталған Қоғам қызметін жүйелеу бойынша «қағазсыз кеңсе» концепциясы бойынша жұмыс жүргізілді.

2021 жылға арналған жоспарлар

Қоғам келесі бағыттар бойынша бірқатар іс-шаралар жоспарлады:

- Компанияның негізгі процестері мен әкімшілік-шаруашылық қызметіне тұрақты даму қағидаларын енгізу;

- жұртшылықпен, серіктестермен тиімді және жедел өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету;

- қаржылық емес ақпаратты ашудағы айқындықты арттыру;

- тұрақты даму құзыреттіліктерін қалыптастыру.

Атап айтқанда, келесі іс-шаралар жоспарланды:

- ESG стандарттарын «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ инвестициялық саясатына енгізу;

- Жауапты инвестициялар қағидалары бойынша БҰҰ Ассоциациясына қосылу (UN Principles of Responsible Investments);

- ішкі нормативтік құжатты «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Экологиялық және әлеуметтік саясатына сәйкестендіру;

- Қоғамның Жылдық есебі мен тұрақты дамуы туралы есебін дайындау және Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсыну.

БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарына жетуге Қоғамның қосқан үлесі

Қоғам басшылығы кедейшілікті жоюға, планетаның ресурстарын сақтауға және жалпыға ортақ әл-ауқатты қамтамасыз етуге бағытталған 2015 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған 17 Тұрақты даму мақсатын (бұдан әрі - ТДМ) қолдайды.

ТДМ-ге қол жеткізуде Қоғамның көмегі іс-шараларды жүргізуге жауапты тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асады. Осылайша, Қоғам ТДМ сәйкес келетін және Қазақстан Республикасының тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі әсер ететін жобаларға артықшылық береді, соның ішінде келесі жобаларға:

- жан-жақты және тұрақты индустрияландыру;
- қалалар мен елді мекендердің ашықтығы, қауіпсіздігі, өмірге төзімділігі және экологиялық орнықтылығы;
- Қазақстан Республикасының және жекелеген облыстардың/қалалардың экономикасын әртарапандыру.

БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына жетуге бағытталған Қоғам міндеттері

БҰҰ Тұрақты даму мақсаттары	Қоғам қызметі
3 ТДМ. Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және саулықты ұстану	халықтың денсаулығын сақтауға және салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған жобаларды қолдау; қызметкерлер үшін қауіпсіз еңбек жағдайын жасау.
4 ТМД. Жан-жақты және сапалы білім беруді қамтамасыз ету, өмір бойы оқу мүмкіндігін көтермелеу	ішкі оқыту бағдарламаларын енгізу.
5 ТДМ. Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және барлық әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту	тең еңбек жағдайлары мен мансаптық мүмкіндіктерді құру; қызметті бағалау мен сыйақының тең жүйесін қамтамасыз ету.
8 ТДМ. Ілгерілемелі, жан-жақты және тұрақты экономикалық өсуге, толық және өнімді жұмыспен қамтуға және лайықты жұмысқа жәрдемдесу	ірі кәсіпкерлікті қолдау және шағын және орта бизнесті (ШОБ) дамытуды Қоғам мен оның еншілес ұйымдарына қаржылық жолдармен қамтамасыз ету; қызметтердің клиенттерге бағдарлануын арттыруға бағытталған бастамаларды жүзеге асыру.
9 ТДМ. Тұрақты инфрақұрылымды құру, индустрияландыру мен инновацияны ілгерілету	өндеу өнеркәсібінде еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған жобаларды қолдау; private equity инфрақұрылымын дамыту.
10 ТДМ. Елдердің ішінде және арасындағы теңсіздікті төмендету	жастарға, жаңадан бастаушы кәсіпкерлерге арналған өнімдер; халықтың әлеуметтік осал топтарына арналған өнімдер. Жеңілдікті қаржыландыру бағдарламасын әзірлеу
11 ТДМ. Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өмірге төзімділік және экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету	ірі инфрақұрылым мен өнеркәсіптік жобаларды қолдау.
12 ТМД. Тұрақты тұтыну мен өндіріс үлгілеріне көшуді қамтамасыз ету	«жасыл» жобаларды қолдау; Қоғам кеңсесінде ресурстарды үнемдейтін технологияларды қолдану; ресурстарды жауапты тұтыну.
ТМД 16. Тұрақты даму мүддесінде бейбітшілік сүйгіш және ашық қоғам құруға жәрдемдесу, барлығы үшін сот төрелігіне қол жеткізуді қамтамасыз ету және барлық деңгейлерде тиімді, есеп беретін және көпшіліктің қатысуына негізделген мекемелер құру	елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру; Қоғамның мүдделерін қозғайтын нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеуге / өзектендіруге қатысу.
ТДМ 17. Орнықты даму мүддесінде жаһандық әріптестік шеңберінде жұмысты жүзеге асыру және жандандыру құралдарын нығайту	тұрақты даму мәселелері бойынша халықаралық институттармен және қаржылық ұйымдармен ынтымақтастық; Қазақстандағы ТДМ ілгерілету бойынша конференцияларға, форумдарға, дөңгелек үстелдерге қатысу.

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік

Мүдделі тараптарды анықтау кезінде Қоғам осы саладағы халықаралық стандарттарды қолданады. Қоғамда бекітілген стейкхолдерлер картасы негізгі мүдделі тараптардың тізбесін және олардың ықпал ету дәрежесін айқындайды. Карта әрбір стейкхолдермен жұмыс істеудің барабар стратегиясын құру үшін Қоғам ортасы туралы ақпаратты жүйелендіруге және визуализациялауға мүмкіндік береді.

Стейкхолдерлерді айқындау және олармен жұмыс істеу бизнестің іскерлік беделін арттыруға, компанияны капиталдандыруға, барлық мүдделі тұлғалармен тиімді және теңгерімді қатынастар орнатуға мүмкіндік беретін құралдардың бірі болып табылады.

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесудің негізгі формалары: бірлескен бағдарламалар мен жобалар, ынтымақтастық туралы меморандумдар, бірлескен жұмыс топтары, қызмет туралы есеп беру, кездесулер, жиналыстар, жарияланымдар, сұхбаттар және т.б.

Компанияның мүдделі тараптармен өзара әрекеттесуін ұйымдастыру процесі қатысу принципіне негізделген, бұл Қоғам қызметін басқару процесінің барлық кезеңінде мүдделі тараптардың мүдделерін ескеруді және маңызды тақырыптар мен маңызды мәселелерді талқылауға мүдделі тараптарды тартуды ықтимал тәуекелдер мен жауапкершілік шекараларды көздейді.

Стейкхолдерлерді тарту мынадай үш қағидатты сақтаған кезде қол жеткізіледі:

1. **Маңыздылық.** Қоғам өзінің мүдделі тараптарын нақты анықтайды және мүдделі тараптардың қандай мүдделері маңызды екенін түсінеді.

2. **Толықтық.** Қызмет барысында Қоғам мүдделі тараптардың мәселелеріне назар аударады, атап айтқанда олардың көзқарастарын, қажеттіліктері мен қызметтің күтілетін нәтижелерін, сондай-ақ маңызды мәселелер бойынша пікірлерді түсінеді.

3. **Реакция.** Қоғам мүдделі тараптардың барлық маңызды сұрақтарына дәйекті түрде жауап береді.

Мүдделі тараптармен қарым-қатынасты басқаруды ұйымдастыру үшін Қоғам өз қызметін келесі негізгі қағидаларына бағыттайды:

- барлық мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтейді және ескереді;
- өзінің қызметі туралы мақсатты аудиторияны белсенді түрде хабардар етуге ұмтылады;
- мемлекеттік бағдарламаларды, жекелеген ішкі рәсімдерді (сатып алу, жұмысқа қабылдау, қаржылық және қаржылық емес қызметтер көрсету бойынша сыртқы кандидаттар арасында конкурстық іріктеу) іске асыру, сондай-ақ қаражатты пайдалану бөлігінде объективтілікті, анықтықты, тәуелсіздікті және ақпараттық ашықтықтың жоғары деңгейін қамтамасыз етеді;
- барлық мүдделі тараптармен ашық және өнімді ынтымақтастықты қамтамасыз етеді;
- мүдделі тараптар алдындағы өз міндеттемелерін орындайды;
- мүдделі тараптардан тұрақты түрде кері байланыс алады.

Мүдделі тараптардың негізгі топтары және олармен жұмыс істеу әдістері

Топтар	Өзара әрекеттесу механизмдері	Қызығушылықтар	Біз қалай жауап береміз
Жалғыз акционер	<ul style="list-style-type: none"> • Директорлар кеңесі мен Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің отырыстарын өткізу. • Жалғыз акционердің тапсырмаларын орындау. • Қоғамның мүдделерін қозғайтын нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеуге және өзектендіруге қатысу. • Келіп түскен сұрауларға жауап дайындау. • Қоғамның сайтында қаржылық есептілік пен жылдық есептерді жариялау, сондай-ақ заңнамаға, листинг талаптары мен озық тәжірибеге сәйкес басқа ақпаратты ашу. 	<ul style="list-style-type: none"> • Қоғамның Жалғыз акционерінің мүдделерін сақтау, • Мемлекеттік бағдарламаларды тиімді жүзеге асыру. 	<ul style="list-style-type: none"> • Корпоративтік басқару қағидалары шеңберінде Жалғыз акционердің құқықтарын жүзеге асыруды қамтамасыз ету. • Қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы сенімді ақпарат беру. • Қоғамның даму стратегиясын іске асыру. • Мемлекеттік бағдарламалардың орындалуы және нәтижелердің мониторингі.

Персонал	<ul style="list-style-type: none"> Ішкі байланыс арналарының қызметі. 	<ul style="list-style-type: none"> Еңбек шарттарының ережелерін сақтау; Оқыту бағдарламаларын ұйымдастыру және енгізу; Жұмыс берушімен сапалы еңбек қатынастары. 	<ul style="list-style-type: none"> Білікті және ынталы персоналдарды қалыптастыруға бағытталған ашық, айқын кадр саясатын жүргізу. Барлық қызметкерлерге жұмыс процесінде өз әлеуетін іске асыру үшін тең мүмкіндіктер беру, олардың нәтижелерін объективті және әділ бағалау, қызметкерлердің кәсіби біліктілігі, білімі мен дағдыларының негізінде іріктеу мен мансаптық өсіру. Омбудсмен институтын енгізу.
Еншілес ұйымдар	<ul style="list-style-type: none"> ЕҰ дөңгелек үстел / құзыреттілік орталықтарын өткізу. 	Акционерлердің / қатысушылардың мүдделерін құрметтеу.	<ul style="list-style-type: none"> Қоғамның еншілес ұйым акционері / мүшесі ретіндегі құқықтарын жүзеге асыруы.
Мемлекеттік органдар	Бағдарламалық құжаттарды, Қоғамның мүдделерін қозғайтын нормативтік-құқықтық құжаттардың жобаларын қарау.	Заңнаманы сақтау.	<ul style="list-style-type: none"> Жұмыс топтарына, форумдарға, конференцияларға қатысу. Қоғам қызметінің негізгі бағыттарын үйлестіру. Заңды қатаң сақтау.
Клиенттер, тұтынушылар	<ul style="list-style-type: none"> Бұқаралық ақпарат құралдарында, Қоғам сайтында жарияланымдар. 	<ul style="list-style-type: none"> Коммерциялық келісімдердің сақталуы; Әлеуметтік мүдделер. 	<ul style="list-style-type: none"> Қоғам мен еншілес ұйымдардың қаржылық / қаржылық емес өнімдері мен қызметтерін тұтынушылардың күтулерінің орындалуын қамтамасыз ету. Шарттар жасасу, орындалуын бақылау.
Жеткізушілер	<ul style="list-style-type: none"> Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу бойынша келісімшарттар жасау және сатып алу. 	<ul style="list-style-type: none"> Ашық сатып алу жүйесі; Коммерциялық келісімдердің сақталуы. 	<ul style="list-style-type: none"> Шарт жасасу, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау. Сатып алудың ашық және тиімді жүйесін қамтамасыз ету. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы алдын алу шаралары.
Инвесторлар	<ul style="list-style-type: none"> Шетелдік ұйымдардың өкілдерімен кездесулер өткізу. Форумдарға, конференцияларға, көрмелерге қатысу, оның ішінде Қазақстан Республикасы Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі мен Премьер-Министрі орынбасарларының сапарлары кезінде. Қоғам сайтында қаржылық есептілік пен жылдық есепті жариялау. 	<ul style="list-style-type: none"> Күшті қаржылық жағдай; Тұрақты даму. 	<ul style="list-style-type: none"> Қоғам мен оның еншілес ұйымдарының қызметіне ESG қағидаларын енгізу. Қаржылық тиімді менеджмент. Несиелік рейтингтерді алу.
Серіктестер	<ul style="list-style-type: none"> Серіктестермен келіссөздер мен кездесулер жүргізу. Ынтымақтастық туралы келісімдер мен меморандумдар жасау. Жылдық есептің қаржылық есебін Қоғамның сайтында жариялау. 	Коммерциялық мүдделер.	<ul style="list-style-type: none"> Өзара тиімді ынтымақтастық, іскерлік және технологиялық процестерді жетілдіру және оларды автоматтандыру. Шарт жасасу, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау.

Қаржы институттары	<ul style="list-style-type: none"> Қаржы институттарының, рейтингтік агенттіктердің өкілдерімен келіссөздер мен кездесулер өткізу. Қоғам сайтында қаржылық есептілікті, жылдық есепті жариялау. 	Бос қаражатты депозиттік шоттарға орналастыру, арнайы шоттарды жүргізу.	<ul style="list-style-type: none"> Шарт жасасу, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау. Қаржылық көрсеткіштерді жақсарту.
Бұқаралық ақпарат құралдары	<ul style="list-style-type: none"> Жылдық медиа-жоспарларды әзірлеу. Ақпарат алушылармен баспасөз конференциясы мен кездесулер өткізу. Қоғамның қызметі туралы ақпаратты БАҚ-та, интернет желісінде, Қоғамның https://kcm-kazyna.kz/ веб-сайтында орналастыру. 	Қоғамның қызметі туралы жарияланымдар мен ақпарат.	<ul style="list-style-type: none"> Ақпараттық қызметті келесі жолдармен ұйымдастыру: <ul style="list-style-type: none"> мақсатты аудиторияға Қоғамның күшті жақтары мен мүмкіндіктері туралы хабарлау; оң қоғамдық пікір қалыптастыру; ақпаратты сенімді, тұрақты, үздіксіз және уақтылы ашу арқылы Қоғам қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету; Қоғамның бренд туралы хабардарлығын сақтау; Қоғам қызметінің негізгі бағыттары бойынша іс-шаралардың нәтижелерін жұртшылыққа таныстыру.
Халық	<ul style="list-style-type: none"> Қоғамның қызметі туралы ақпаратты медиада орналастыру. 	<ul style="list-style-type: none"> Қоғам қызметінің ашықтығы; Қоғам мүдделерін құрметтеу; Мемлекеттік бағдарламаларды және ЕҰ жеке бағдарламаларын іске асыру шеңберінде қолдау құралдарын ұсыну 	<ul style="list-style-type: none"> Бедел аудиті, PR стратегиясын іске асыру. Өз қызметі туралы қаржылық және қаржылық емес есептілікті жариялау. Әлеуметтік жауапкершілік, қызметтің ашықтығы мен тұрақты даму принциптеріне практикалық адалдықтың көрінісі. Жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға ұмтылу.

1.3. Корпоративтік басқару жүйесі

Корпоративтік басқару кодексі

Қоғам қабылдаған Корпоративтік басқару кодексі Қоғамның тиімділігін арттыру, ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ету, оның беделін нығайту және капиталды тарту шығындарын төмендету мақсатында жоғары басқару стандарттарының сақталуын қамтамасыз етеді.

Қоғам корпоративтік басқарудағы, ұлттық заңнамадағы халықаралық үрдістердің негізгі өзгерістерін үнемі бақылап отырады және өз қызметінде корпоративтік басқарудың озық тәжірибесін енгізеді.

Қоғамның корпоративтік басқару моделі

Қоғамның корпоративтік басқару моделі шешім қабылдау жүйесінің тиімділігін, Жалғыз акционердің мүдделерін сақтауды, ақпаратты ашудың жоғары стандарттарын, тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімді жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Қоғамның корпоративтік басқару моделі ашықтық пен есептілікті қамтамасыз етуге бағытталған және Қоғам органдары, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершілікті нақты ажыратуды көздейді.

Қоғамның Жарғысына сәйкес негізгі органдар болып саналатындар:

- Жалғыз акционер - қоғамның жоғарғы басқару органы
- Директорлар кеңесі - басқарушы орган
- Басқарма - атқарушы орган

Қоғамның қаржылық - шаруашылық қызметіне бақылауды, ішкі бақылау саласындағы бағалауды жүзеге асыратын орган Ішкі аудит қызметі болып табылады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне аудит пен тәуекелге қатысты мәселелерді қарау, стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму, кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер кіретін комитеттер бар.

Басқармаға Қоғам қызметінің жекелеген бағыттары бойынша ұсынымдық сипаттағы ұсыныстар дайындау үшін, оның ішінде Басқарма құзыретіне кіретін мәселелерді дайындау мен алдын ала қарау үшін Басқарма жанынан комитеттер құрылды, олар: Қызметті жоспарлау және бағалау комитеті және Инвестициялық комитет.

1.4. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің құрамдас бөлігі

Тәуекел менеджменті - бұл басқару процесінің маңызды құрамдас бөлігі және дамыған корпоративтік басқару жүйесінің ажыратылмас бөлігі. Қоғамның тәуекелдерді басқару процесінің негізгі элементі - оның ұйымның ерекшеліктерімен, қызметінің негізгі принциптерімен, бизнес-процестермен және әрбір қызметкерді тәуекелдерді басқару үдерісіне тартуымен біріктіру.

Қоғамда тәуекелдерді басқару саясаты бар, ол тәуекелдерді басқару үдерісінің тұтастығы, ашықтығы, құрылымы, хабардарлығы, үздіксіздігі және циклділігі сияқты негізгі принциптерін бекітеді.

Қоғамдағы тәуекелдерді басқару Қоғамның келесі органдары мен бөлімшелерін - Директорлар кеңесін, Басқарманы, тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімшені, басқа да құрылымдық бөлімшелерді, сондай -ақ Ішкі аудит қызметін тарта отырып, бірнеше деңгейде жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін бақылауда шешуші рөл атқарады. Директорлар кеңесінің негізгі функциялары - Қоғамның ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді мақсаттарын белгілеу, Қоғамдағы тәуекелдерді басқаруды реттейтін негізгі құжаттарды бекіту, тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі туралы есептерді қарау. Қоғамның Директорлар кеңесінің жанынан Аудит жөніндегі комитет құрылды, ол Директорлар кеңесіне Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін, тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын, сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін бақылау бөлігінде ұсынымдар беру жөніндегі консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

Басқарма тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін ұйымдастыруға және корпоративтік саясаттың орындалуын және сақталуын қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді бақылау құрылымын құруға жауапты.

Қоғамның алға қойған стратегиялық мақсаттарына жетуге және оларға қол жеткізген кезде тәуекелдерді азайтуға бағытталған маңызды құрамдас бөлігі **ішкі бақылаудың** тиімді жұмыс істейтін жүйесі болып табылады. Ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру Қоғамның тәуекелдерге тез жауап беруге, Қоғамның негізгі және қосалқы бизнес-процестері мен күнделікті операцияларына бақылауды жүзеге асыруға, сондай-ақ жақсарту үшін кез келген елеулі кемшіліктер мен салалар туралы тиісті деңгейдегі ішкі бақылау жүйесінің қатысушыларын дереу хабардар етуді жүзеге асыруға қабілетті басқару жүйесін құруды көздейді. Ішкі бақылау жүйесінің сенімді және тиімді жұмыс істеуі Қоғамның барлық

деңгейдегі лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің ішкі бақылау шеңберінде қатысуын және үнемі өзара әрекеттесуін талап етеді.

Есепті жылы Қоғам тәуекелдерді басқару бойынша келесі жұмыстарды орындады:

